

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Ұлттық патент ведомствосы шағым арыз кеңесінің жарғысы

Күшін жойған

Қазпатент Төрағасының бұйрығымен бекітілді 1995 жылғы 5 қыркүйектегі N 23 Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1995 жылғы 21 қыркүйекте тіркелді. Тіркеу N 99. Күші жойылды - ҚР Әділет министрлігі Санаткерлік меншік құқығы жөніндегі комитеті төрайымының 2001 жылғы 1 қарашадағы N 69 бұйрығымен. ~V011712

1 . Ж а л п ы е р е ж е л е р

1.1. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Ұлттық патент ведомствосы Шағым арыз Кеңесі (бұдан әрі - Шағым арыз Кеңесі) Қазақстан Республикасының Патент заңының 22, 29 баптарында және Қазақстан Республикасының "Тауар таңбалары, қызмет көрсету белгілері және тауар шығу жерінің атаулары туралы " Заңының Z932800_ 28 бабында қарастырылған.

1.2. Шағым арыз Кеңесі Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Ұлттық патент ведомствосының (бұдан әрі - Қазпатент) құрамына енеді және өз қызметін Қазпатент аппаратының құрылымдық бөлімшесі ретінде жүзеге асырады .

1.3. Шағым арыз Кеңесі өз қызметінде:

- Қазақстан Республикасының заңдарын;
- Қазақстан Республикасы қатысушы болып табылатын өнеркәсіп меншігі объектілерін қорғау саласындағы халықаралық шарттар және келісімдерді;
- Шағым арыз Кеңесі қызметіне қатысты Қазпатенттің нормативтік актілерін;
- Шағым арыз Кеңесіндегі Қазпатент Төрағасы бекіткен дауларды қарау тәртібі жөніндегі ережені;
- осы Жарғыны басшылыққа алады.

2. Шағым арыз Кеңесінің міндеттері

Шағым арыз Кеңесінің басты міндеттері болып табылатындар:

2.1. Арыз берушілерді, патент иелерін, тауар таңбаларын, қызмет көрсету белгілері иелерін, тауар шығу жерінің атауларын пайдалану құқығына куәлік иелерін заңмен қорғалатын құқықпен, сондай-ақ өнертабысқа, пайдалы моделге, өнеркәсіп үлгісіне, тауар таңбасына қызмет көрсету белгісіне, тауар шығу жерінің атауларына өтінімдер бойынша сараптама шешіміне наразылықтарды

қарау кезінде жеке адам мен заңды тұлғалардың басқа да мүдделерін және қорғау құжаттарын беруге наразылық немесе көрсетілген өнеркәсіп меншігі объектілерін тіркеуді қамтамасыз ету.

2.2. Шағым арыз Кеңесіне берілетін сараптау практикасы мен наразылықты қарау практикасын зерттеу негізінде өнеркәсіптік меншікті қорғау саласындағы заңдар мен заңдылық нормативтік актілерді жетілдіру жөніндегі ұсыныстар ж а с а у .

2.3. Шағым арыз Кеңесінде практикалық анализ, халықаралық тәжірибені және халықаралық ұйымдардың ұсынысы негізінде дауларды қарауды жетілдіру т ә р т і б і .

2.4. Сарапшы органдар және арыз берушілер, немесе үшінші жақтар арасындағы дауларды шешу саласындағы халықаралық ынтымақтастыққа қатысу .

3. Шағым арыз Кеңесінің іс қызметі

Өз міндеттеріне сәйкес Шағым арыз Кеңесі:

3.1. Формалды сараптама нәтижелері бойынша қабылданған шешімдерге наразылықтарды, өнеркәсіп үлгілеріне және пайдалы моделдерге өнертабыстарға - алдын ала патент беруден бас тарту жөнінде, сондай-ақ өнертабыстарға, пайдалы моделдерге, өнеркәсіп үлгілеріне, тауар таңбаларына, қызмет көрсету белгілеріне және тауар шығу жерінің атауларын тіркеуден бас тарту жөніндегі н а р а з ы л ы қ т а р д ы қ а р а й д ы .

3.2. Өнертабыстар мен өнеркәсіп үлгілеріне патент беруден бас тарту жөніндегі шешімге, сондай-ақ тауар таңбаларын, қызмет көрсету белгілерін, тауар шығу жерінің атауларын және (немесе) мәлімденген атаулардың мәні және сараптамасы бойынша өтінім сараптамасы нәтижесінде қабылданған тауар шығу жерінің атауларын пайдалану құқығын беруге наразылықтарды қарайды.

3.3. Қазақстан Республикасында қызмет ететін КСРО авторлық куәліктері және өнеркәсіп үлгілеріне КСРО куәлігіне қарсы өнертабыстар мен өнеркәсіп үлгілеріне алдын ала патенттер және өнертабыстарға, өнеркәсіп үлгілеріне және пайдалы моделдерге патенттер беруге қарсы жеке адамдар мен заңды тұлғалардың наразылықтарын қарайды, сондай-ақ тауар таңбаларын, қызмет көрсету белгілерін, тауар шығу жерінің атауларын тіркеуге және тауар шығу жерінің атауларын пайдалану құқығына куәлік беруге наразылықтарын қарайды.

3.4. Лицензиялық шарттарды тіркеуден бас тартуға жеке адамдар мен заңды тұлғалардың наразылықтарын қарайды.

3.5. Дауды қарау нәтижелері бойынша Шағым арыз Кеңесінің шешімін шығарады және жариялайды.

3.6. Шағым арыз Кеңесінде дау қаралу басталғанға дейін Шағым арыз алқасы құрамының құпиялығын қамтамасыз етеді.

3.7. Өз құзыры шегінде ақпараттық хаттар, шешім нысандары және басқа да қажетті құжаттар жасайды.

3.8. Өнертабысқа, пайдалы моделге, өнеркәсіп үлгісіне, тауар таңбасына, қызмет көрсету белгісіне, тауар шығу жерінің атауына өтінім сараптамасын құқылық реттеуді жетілдіру жөнінде ұсыныстар даярлайды, сондай-ақ Шағым арыз Кеңесінде дау қарау тәртібін белгілейді.

3.9. Сараптаманы ұйымдастыруды, дау қарауды жетілдіру және басқа да әдістемелік мәселелер жөнінде ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізеді.

3.10. Өз қызметінің нәтижелері туралы Қазпатенттің ресми басылымдарында жарияланымдар әзірлейді.

3.11. Шағым арыз Кеңесіне наразылық білдіргені және басқа да заңгерлік әрекеттеріне заңмен белгіленген баж салығын төлегені, сондай-ақ шағым арыз шығынын орнына келтіргенін растайтын құжаттарды тіркеу мен есебін жүргізеді.

3.12. Өз құрылымы мен жұмыс ұйымдастырылуын жетілдіреді, Шағым арыз Кеңесі жұмыс тәртібін жақсарту жөнінде ұсыныстар даярлайды және іске асырады, Қазпатенттің қарамағындағы ақпараттарды пайдаланады.

3.13. Шағым арыз Кеңесінің алдында тұрған міндеттерді шешу және өз қызметін жүзеге асыру үшін Қазпатенттің басқа құрылымдық бөлімшелерімен және мемлекеттік ортақ патент қызметіне кіретін ұйымдармен белсенді қарым-қатынас жасасады.

4. Шағым арыз Кеңесінің құқығы

4.1. Наразылық білдірген адамдардан, сондай-ақ өзге де мүдделі адамдардан наразылықты қарауға қажетті мәліметтерді сұрастыруға және олармен хаттар жазысуға, қосымша сараптама тағайындауға, оны жүргізуге тәуелсіз сарапшылар мен кеңесшілер тартуға.

4.2. Симпозиумдар, конференциялар, мәжілістер, семинарлар және т.б. жұмыстарына қатысуға, сондай-ақ Шағым арыз Кеңесіне тиесілі мәселелер жөнінде халықаралық ынтымақтастыққа қатысуға.

4.3. Патент иелері, тауар таңбалары, қызмет көрсету белгісі иелерінің құқығын, арыз берушілер және өнеркәсіп меншігі объектілеріне басқа да заңды тұлғалар мен жеке адамдардың құқықтарын қорғау саласында құқықты реттеу мәселелері жөніндегі ортақ мемлекеттік саясатты қалыптастыру жөнінде ұсыныстар енгізуге.

4.4. Қазпатент тапсырмасы негізінде ұсыныстар даярлайды, сондай-ақ

ғылыми және өндірістік қызмет бағдарламасы және жоспары жасалған шарттар мен келісімдерін жасайды.

Қазпатент төрағасы бекіткен жоспарлар бойынша осы мақсаттарға бөлінген қаржыландыруға сәйкес ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізеді.

4.5. Шағым арыз Кеңесі қызметкерлері мен мүшелерін белгіленген тәртіп бойынша ТМД шеңберінде және шетелдерге Шағым арыз Кеңесін ұсыну үшін қарастырылған шығындар сметасы шеңберінде және Шағым арыз Кеңесінің қызмет көрсету жөніндегі арнаулы қаражаты есебінен іссапарларға, оқуға және тәжірибеден өтуге жібереді.

4.6. Қызметкерлерінің Республикалық ғылыми-техникалық кітапхананың патенттік және ғылыми-техникалық құжаттар қорына және басқа да ақпарат қорына еркін баруларына жағдай жасайды.

5. Мүлік. Қаржы. Еңбекақы төлеу

5.1. Шағым арыз Кеңесінің мүшелері мен штаттағы қызметкерлері Қазпатенттің барлық мүлкін пайдаланады және өздеріне бекітілген үй-жай, құрал-жабдықтар мен инвентарын күтіп ұстауға міндетті.

5.2. Шағым арыз Кеңесін қаржыландыру көзі Қазпатент қаржысы, сондай-ақ шағым арыз салығы мен жинақ жарналары, ақылы қызмет көрсетуден түскен табыстар болып есептеледі.

5.3. Шағым арыз баж салықтары мен жинақтар, ақылы қызмет көрсетуден түскен табыстар Қазпатент есебіне аударылады және Қазпатенттің орталық бухгалтериясы жүзеге асыратын жеке бухгалтерлік есепке жатқызылады.

5.4. Шағым арыз Кеңесінің хатшысы және штаттағы басқа да қызметкерлер Қазпатентте белгіленген тәртіп бойынша еңбекақыларын алады.

6. Басқару және бақылау органдары мен олардың құзыреті

6.1. Шағым арыз Кеңесін басқаруды Қазақстан Республикасы заңдарында белгіленген тәртіппен лауазымына тағайындалып және лауазымынан босатылатын Қазпатент Төрағасы жүзеге асырады. Қазпатент Төрағасы өз бұйрығымен Шағым арыз Кеңесі мүшелерінің жеке құрамын бекітеді, оған өзгертулер мен толықтырулар енгізеді.

6.2. Шағым арыз Кеңесінің бүкіл қызметіне басшылық жасау мен жұмысын ұйымдастыруды Төраға дара басшылық принциптерінде жүргізеді. Шағым арыз Кеңесіне жүктелген міндеттердің орындалуына, қаржылық және өндірістік қызметтердің нәтижелеріне, Шағым арыз Кеңесінде наразылықтар қаралу құпиялылығы жауапкершілігін қамтамасыз етеді.

6.3. Қазпатент Төрағасы Шағым арыз Кеңесі атынан сенімхатсыз әрекет жасайды, ұйымдарда, мекемелерде оның еркін білдіреді, Шағым арыз қызметінен түскен қаржыларға белгіленген тәртіппен иелік жасайды.

6.4. Қазпатент Төрағасы өз бұйрығымен Қазпатент аппараты қызметкерлерінің арасынан Шағым арыз Кеңесінің хатшысын тағайындайды.

6.5. Шағым арыз Кеңесінің хатшысы:

- Шағым арыз Кеңесінің күнделікті қызметін ұйымдастырады, іс жүргізу мен ж а з б а л а р д ы жү р г і з е д і ;

- Шағым арыз Кеңесі мәжілісін ұйымдастырады және осы мәжілісте х а т т а м а л а р ы н жү р г і з е д і ;

- нақты істерді қарау процесіне қатысады;

- Шағым арыз Кеңесінің Төрағасына нақты істі қарау нәтижесі мен барысы т у р а л ы б а я н д а п о т ы р а д ы ;

- Шағым арыз Кеңесінің Төрағасына жоғары біліктілігімен белгілі заңгерлер, инженерлер мен патентшілердің кандидатураларын шағым арыз алқасы құрамына енгізу үшін ұсынып отырады;

- Шағым арыз кеңесінде қаралғанда түпкілікті шешімін таппаған даулар

бойынша Қазпатент өкілі ретінде халық және төрелік соттарға қатысады;

- Қазпатент Төрағасына Шағым арыз Кеңесінің алдағы қаржылық жылдағы шығындар сметасы жоспарын таныстырады;

- Шағым арыз Кеңесінде нақты істерді қарауға тартылған адамдарға ақы төлеу мөлшері мен тәртібін ұсынады.

7. Шағым арыз Кеңесін тарату

7.1. Шағым арыз Кеңесінің қызметін доғару Қазпатент Төрағасының бұйрығымен жүзеге асырылады.

Оқыған:

Багарова Ж.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК